

Ұсыным



Бекітемін:
Мектеп директоры
А.А.Султанова
2023 жыл

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

2023-2024 оқу жылы

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;

- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; - Уақыт

пен қаржыны тиімді жоспарлау. **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі Мектеп

жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады. **6-10 жастағы бала тәрбиесі**

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

- **Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:**

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас) Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады. **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**
- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы
Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Г.К.Шаяхметова
С.К.Турланова

**Мектеп бойынша сынып жетекшілер тізімі, байланыс телефондары.
(2023-2024) оқу жылы**

| Р/с | Мұғалімнің аты-жөні | Сыныбы |
|------------|----------------------------|---------------|
| 1 | Қожахметова Тыныштық | 1 «а» |
| 2 | Кабдолова Салтанат | 1 «ә» |
| 3 | Сартаева Гулжазира | 1 «б» |
| 4 | Сармекова Ләйла | 1 «в» |
| 5 | Ищанова Лида | 2 «а» |
| 6 | Тасимова Әсем | 2 «ә» |
| 7 | Мозаева Гулдана | 2 «б» |
| 8 | Ескуатова Ұлболсын | 2 «в» |
| 9 | Мұханбеталиева Мараш | 2 арн |
| 10 | Салиева Ғалия | 3 «а» |
| 11 | Сармекова Ләйла | 3 «ә» |
| 12 | Утешова Қарлығаш | 3 «б» |
| 13 | Бекмуханова Алтын | 3 «в» |
| 14 | Рахманова Гулпара | 4 «а» |
| 15 | Умбетова Шаттық | 4 «ә» |
| 16 | Калмаганбетова Жазира | 4 «б» |
| 17 | Джайлаубаева Жанаргул | 4 арн |
| 18 | Исмагулова Айгул | 5 «а» |
| 19 | Жаманқулова Айдана | 5 «ә» |
| 20 | Кузенбаева Гулмира | 5 «б» |
| 21 | Халидуллина Гуляйм | 5 «в» |
| 22 | Санатова Айгул | 5 арн |
| 23 | Ізтұрғанова Анаргүл | 6 «а» |

| | | |
|----|----------------------|--------|
| 24 | Кисимова Гаухар | 6 «ә» |
| 25 | Махмутова Самал | 6 «б» |
| 26 | Зинелова Жанерке | 7«а» |
| 27 | Кереева Гаухар | 7«ә» |
| 28 | Ережепова Айнагул | 7 «б» |
| 29 | Жамбырова Арайлым | 7 «в» |
| 30 | Жаңбырова Алмаш | 7арн |
| 31 | Шаяхметова Гулназ | 8 «а» |
| 32 | Дошымбетова Айжан | 8 «ә» |
| 33 | Мұратова Аружан | 8 «б» |
| 34 | Қуанышева Ләззат | 8 «в» |
| 35 | Турланова Саулеш | 9 «а» |
| 36 | Ерғалиева Қарлығаш | 9 «ә» |
| 37 | Садгулова Клара | 10 «а» |
| 38 | Габдуллина Гулсім | 10 «ә» |
| 39 | Айтқалиева Динара | 11 «а» |
| 40 | Сағындықова Райса | 11 «ә» |
| 41 | Сейтова Мөлдір | 1 топ |
| 42 | Кабдулова Салтанат | 2 топ |
| 43 | Молдағалиева Ұлмекен | 3 топ |

Жұмыс бағыттары:

сынып жетекшілермен жұмыс
ата-аналармен жұмыс
«Тәлімді тәрбиелер» мектептері

- мектеп инспекторларымен жұмыс
- құндылықтарды насихаттау жұмыстары
- тәрбие бағыттарындағы жобалармен жұмыс
- дәстүрлі тәрбиелік шаралар
- тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар
- суицид, құқықбұзушылыққа қатысты жұмыстар
- мектеп парламентімен бірлескен жұмыс
- мектепшілік ұйымдармен жұмыс

Тәрбие құндылықтары

| Ұлттық мүдде | Ар-ұят | Талап |
|----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|--------------------------------------------------|
| Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Академиялық адалдық қағидатын қолдау | Сыни және креативті ойлау |
| Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу | Адал еңбекті құрметтеу | Жеке және командамен жұмыс істей білу |
| Ұлттық мұраға ұқыпты қарау | Сөзіне берік, ісіне адал болу | Білуге, жаңаны тануға құштар болу |
| Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Физикалық белсенді болу |
| Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу | Халқына адал қызмет ету | Салауатты өмір салтын ұстану |
| Қоғам игілігі үшін қызмет ету | Әдеп нормаларын ұстану | Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету |
| Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | Дұрыс қарым-қатынас орната білу |
| Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Достарына, сыныптастарына, | |

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|------------------|---------------------|------------------|----------------|--------------------|---------------------------------|
|---|------------------|---------------------|------------------|----------------|--------------------|---------------------------------|

**ҚЫР
КҮЙ
ЕК –
Білім
айы**

- 1
қыркүйек-
Білім
күні,
сынып
сағатта
ры
- 5

қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

| | | | | | | |
|---|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------|---------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Салтанатты жиын және сынып сағаттары | 1 Қыркүйек | 1-11 сыныптар | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілер |
| 2 | «Оқушы ережесі» туралы | | әңгіме сағаты | 4 Қыркүйек | 1-11 сыныптар | |
| 3 | «Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі» | Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | Сынып сағаттары | 11 Қыркүйек | 1-4 сыныптар 5-9 | Сынып жетекшілер Медбике Мектеп инспекторы Педагог ұйымдастырушы |
| 4 | Отбасы күніне арналған іс-шаралар | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Сынып сағаттары, кездесулер | 15 Қыркүйек | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер Мектеп психологтары |
| 5 | «Ата-ана, сіздің пікіріңіз біз үшін құнды» ашық есік күні | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | ашық есік күні сынып жиналыстары | 16 Қыркүйек | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 6 | «Оқушы ережесі» туралы әңгіме өткізу | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | әңгіме өткізу | Ай ішінде | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 7 | Мектеп кезекшілігін ұйымдастыру | Дұрыс қарым-қатынас орната білу | рейд | Жыл бойы | - | ДТЖО |
| 8 | Мектеп түгел ҚР гимнін орындау | Қазақстанның оңтайлы имиджін | Гимн айту | Дүйсенбі сайын | 1-11 сыныптар | ДТЖО |

| | | | | | | |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|---------------|----------------------|-----------------------------------------------------------------|
| | | қалыптастыруға белсенді үлес қосу | | | | |
| 9 | Салауатты өмір салтын ұстану | «Ерте жүктіліктің алдын алу» | Қыз баллармен жұмыс кездесу | 12 Қыркүйек | Жоғары сынып қыздары | Мектеп медбикесі Мектеп психологтары |
| 10 | «Тілім менің ғасырларға аманат» | Қазақстан халқының тілдері күніне арналған ішаралар | Онкүндік | 5-15 Қыркүйек | 1-11 сыныптар | Қазақ тілі әдебиет,орыс тілі,ағылшын пәні бірлестіктері ДТЖО |
| 11 | «Менің денсаулығым-менің болашағым» | Салауатты өмір салтын ұстану | Тәрбиелік шара | 29 Қыркүйек | 5-6 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 12 | Оқушылардың сабаққа келуін қадағалау | Әдеп нормаларын ұстану | Бақылау | Жыл бойы | 1-11 сыныптар | ДТЖО,сынып жетекшілер |
| 13 | Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте», | Отбасының,өз ортасының абыройын асыру | Арнайы жоспарлар«Әкеле р мектебі», «Аналар мектебі» құру. әзірлеу | Ай ішінде | – | ДТЖО,психологтар, |

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты | Жүзеге асырушы |
|---|------------------|--------|------------------|----------------|----------|----------------|
|---|------------------|--------|------------------|----------------|----------|----------------|

| | | құндылықтары | | | аудитория | жауапты мамандар |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------|----------------|--------------------------------------------------------------------|
| 1 | «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» | Адал еңбекті құрметтеу | Кездесу Сынып сағаттар | 2 Қазан | 2-11 сыныптар | ДТЖО Сынып жетекшілер |
| 2 | «Ұстазын ұлықтаған-ел бақытты» | Адал еңбекті құрметтеу | Кездесу Сынып сағаттар ардагер ұстаздарға арналған құттықтау | 5 Қазан | 2-11 сыныптар | ДТЖО Сынып жетекшілер |
| 3 | Дублер күні | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | Сабақтар өткізу | 3 Қазан | 10-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер, мектеп парламенті, педагог - ұйымдастырушы |
| 4 | Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Ш. Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай «Адамдық борышың» | Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | «Адамдық борышың» шара | 18 Қазан | 9-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |
| 5 | 25-қазан Республика күніне арналған шаралар «Тәуелсіз елім – тірегім!» апталық | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Сынып сағаттар, жиын, Патриоттық әндер кеші, сурет көрмесі, кітап көрмесі | 23,24 Қазан | 1-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер |
| 6 | Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ | Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | «Азаттық аңсаған Алаш арыстары.....» | 26 Қазан | 9-11 | қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |

| | | | | | | |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|----------|---------------|------------------------------------------|
| | әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жылдығына шара | | | | | |
| 7 | Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл | Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» | 27 Қазан | 1-11 сыныптар | ДТДЖО, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |
| 8 | Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл | Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | Асқақ арманды ақын | Қазан | 1-11 сыныптар | ДТДЖО, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |
| 9 | Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл | Қазақ зиялыларына құрмет | «Сәкен-жырдың таусылмас дарияшысы» | Қазан | 1-11 сыныптар | ДТДЖО, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |
| 10 | «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» | Салауатты өмір салтын ұстану | Сынып сағаттар, медбикемен сұхбаттар | Қазан | 1-11 сыныптар | Психологтар, мектеп медбикесі |

| | | | | | | |
|----|-------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------|-------|---------------|-------------------------------------------------------------|
| 11 | Ғылыми жоба жұмыстары мазмұны туралы ақпараттық-танымдық сабақтар ұйымдастыру | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Сыныптан тыс ісшара | Қазан | 5-11 сыныптар | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, |
| 12 | «Отбасылық дәстүрлер» «Ғаламтор қауіпсіздігі» туралы | Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету | Сыныптан тыс ісшара | Қазан | 5-9 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 13 | «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» | Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | кездесу | Қазан | 8-9 сыныптар | Психологтар, педагог ұйымдастырушы |

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

□ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

□ Күзгі демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|------------------------------------------------|----------------|--------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 15 Қараша-Ұлттық валюта күніне орай «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Сынып сағаттары | 8 Қараша | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | «Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | ұлттық теңге күніне арналған кітаптар көрмесі. | 9 Қараша | — | Кітапханашы |
| 3 | «Әкеге-ізет, анаға - құрмет» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Сынып сағаты | 10 Қараша | 1-4 сыныптар | Сынып жетекші |
| 4 | «Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Сынып сағаты | 14 Қараша | 9-11 сыныптар | АӘД пәні мұғалімі |
| 5 | «Өнерлі бала» Байқауын өткізу | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | байқау | 16 Қараша | 1-11 сыныптар | ДТЖО Саз пәні мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| 6 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар | Академиялық адалдық қағидатын қолдау | Сынып сағаттары | 17 Қараша | 4-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 7 | Мектепте, үзілісте... «Ақын жазушылардың өлеңдерін оқу» | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Оқуға құштар мектеп | 21 Қараша | 1-11 сыныптар | Кітапханашылар Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|----------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------|-----------|---------------|---------------------|
| 8 | «Алтын күз» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | Сынып сағаттар сайыс | 23 Қараша | 1-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекші |
|---|----------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------|-----------|---------------|---------------------|

«ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

- 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------------------|--------------------|--------------------|----------------------------------------------------|
| 1 | «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Ата-аналармен кездесу, тренингтер | 5 Желтоқсан | 1-11 сыныптар | Мектеп психологтары Сынып жетекшілер |
| 2 | «Үнемі оқитын адам – табысты адам» | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | 20 минуттық Кітап оқу | 7 Желтоқсан | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 3 | «Ұрпақ болашағы – ұстаздан» | Академиялық адалдық қағидатын қолдау | кездесу, сұбаттасу, тәлімгерлік жасау | 8 Желтоқсан | 9-11 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы |
| 4 | «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» Апталық | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Сынып сағаттар Салтанатты жиын | 11-15 Желтоқсан | 1-11 сыныптар | ДТЖО, Сынып жетекшілер |
| 5 | «Терроризм – қоғамға қауіп төндіреді» | Әдеп нормаларын ұстану | Әңгіме сағаты | 20 Желтоқсан | 8-9 сыныптар | Психологтар, Педагог ұйымдастырушы |
| 6 | «Шеберлер ауылы» | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Оқушылар қолынан шыққан ұлттық бұйымдар көрмесі | 22 Желтоқсан | 5-10 сыныптар | Еңбек пәні мұғалімдері Тәлімгер |
| 7 | Білім алу – ол әрбір азаматтың құқығы ма әлде ақылы қызмет пе? | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Пікірталас | 27 Желтоқсан | 9-10 сыныптар | Педагог - ұйымдастырушы, дебаттық клуб төрайымы |

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|----------------------------|----------------|--------------------|---------------------------------------------------|
| 1 | Туған өлке ақындарының шығармалары | Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | Мәнерлеп оқу сайысы | 10 Қаңтар | 5-11 сыныптар | ДТЖО, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі |
| 2 | «Мен оқыған бір ертегі» | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | пікірталас | 11 Қаңтар | 2-6 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 3 | «Қыз намысы – ұлт намысы» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Ата-аналар жиналысы | 12 Қаңтар | 8-11 сыныптар | ДТЖО, Сынып жетекшілер |
| 4 | «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Әкелер кеңесімен жиналыс | 16 Қаңтар | 1-11 | ДТЖО, Сынып жетекшілер |
| 5 | Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі келіспеушіліктің алдын алу | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Іскерлік ойындар, дебаттар | 18 Қаңтар | 7-10 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы, Мектеп инспекторы |
| 6 | «Профи TIME» мамандықтар әлемінде саяхат | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Өңгіме сағаты | 23 Қаңтар | 9-11 сыныптар | Мектеп психологтары, Сынып жетекшілер |
| 7 | «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» | Адал еңбекті құрметтеу | Еңбек сағаты | 24 Қаңтар | 6-9 сыныптар | Көркем еңбек пәні мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| | Білім беру ұйымдары үшін | Академиялық | | | | |

| | | | | | | |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--------------------------------|-----------|----------------|-------------------------------------------|
| 8 | сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасын әзірлеу | адалдық қағидатын қолдау | Өңгіме сағаты, сынып сағаттары | 25 Қаңтар | 5-11 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер |
| 9 | Әскери бөлімдер мен мекемелерде Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Ашық Есік күні | Қаңтар | 10-11 сыныптар | АӘД мұғалімі |
| 10 | Белгілі спортшылардың, оның ішінде Паралимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы бейнематериалдар әзірлеу | Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу | Сынып сағаттары | Қаңтар | 8-11 сыныптар | Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы |
| 11 | «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Сынып сағаттары | 30 Қаңтар | 1-6 сыныптар | Дене шынықтыру |

АҚПАН - ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|------------------|---------------------|------------------|----------------|--------------------|---------------------------------|
|---|------------------|---------------------|------------------|----------------|--------------------|---------------------------------|

| | | | | | | |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|------------------------------|----------|---------------|--------------------------------------------------------|
| 1 | Абайдың «Толық адам» ілімі | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Сынып сағаттары | 1 Ақпан | 1-11 сыныптар | ДТЖО,сынып жетекшілер |
| 2 | «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Сынып сағаттары | 6 Ақпан | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер, қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімдері |
| 3 | «Үйрен жақсы әдептен...» | Отбасының,өз ортасының абыройын асыру | Ата-аналармен кездесу сағаты | 8 Ақпан | 1-11 сыныптар | ДТЖО,сынып жетекшілер |
| 4 | Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту | Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету | Сынып сағаттары | 13 Ақпан | 7-11 сыныптар | Мектеп психологтары Сынып жетекшілер |
| 5 | «Отбасыдағы ортақ тіл» | Отбасының,өз ортасының абыройын асыру | Ата-аналармен жиналыс | 15 Ақпан | 1-11 сыныптар | ДТЖО,сынып жетекшілер |
| 6 | «Жыл сынып жетекші - 2024» байқауы өткізу | Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету | сайыс | 16 Ақпан | -- | ДТЖО |
| 7 | «Иманды ұл, инабатты қыз» | -Жан мен тән тазалығын сақтау | дөңгелек үстел | 20 Ақпан | 8-9 сыныптар | Психологтар,ДТЖО |

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|------------------------|----------------|--------------------|----------------------------------|
| 1 | Балаларды отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана өмір-ана жыр» | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Сынып ағаттары шаралар | 4 Наурыз | 1-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер |
| 2 | «Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы) | Адал еңбекті құрметтеу | шара | 5 Наурыз | 7-9 сыныптар | Әлеуметтік педагог |
| 3 | «Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Өнерпаздар сайысы | 6 Наурыз | 5-11 сыныптар | ДТЖО, Саз пәні мұғалімдері |
| 4 | «Адалдық адамдықтың белгісі» | Адал еңбекті құрметтеу | Сынып сағаты | 12 Наурыз | 8-9 сыныптар | Педагог ұйымдастырушы |
| 5 | «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Сынып сағаты | 14 Наурыз | 2-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 6 | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» | Адал еңбекті құрметтеу | Сынып сағаты | 19 Наурыз | 1-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер, тәлімгер |

| | | | | | | |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-------|-----------|--------------|--------------------|
| 7 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс шара | Салауатты өмір салтын ұстану | Сайыс | 20 Наурыз | 4-7 сыныптар | Әлеуметтік педагог |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-------|-----------|--------------|--------------------|

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

□ 12 сәуір - Ғылым күні

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|------------------------------|----------------|--------------------|------------------------------------------|
| 1 | «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Бейнематериал дайындау, жоба | 3 Сәуір | 7-8 | Еңбек пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер |
| 2 | «Ұлттық киім - ұрпаққа мұра» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Сынып сағаттары | 5 Сәуір | 7-8 | Сынып жетекшілер |
| 3 | «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» | Отбасының, өз ортасының абыройын асыру | Сынып сағаттары | 9 Сәуір | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 4 | «Жүрегім қазақ» Кәсіби бағдар мақсатында | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Кездесу | 11 Сәуір | 10-11 сыныптар | ДТЖО, сынып жетекшілер |
| 5 | «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» | Салауатты өмір салтын ұстану | Сынып сағаттары | 12 Сәуір | 5-6 сыныптар | Мектеп медбикесі |
| 6 | «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» | Адал еңбекті құрметтеу | кездесу | 16 Сәуір | 9-10 сыныптар | ДТЖО, Тәлімгер |
| 7 | «Кітапханаға саяхат» | Білуге, жаңаны тануға құштар болу | Әңгіме сағаты | 18 Сәуір | 1-7 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|----|----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|------------------------------------------|----------|---------------|---------------------------------------------------|
| 8 | Оқушыларға дене шынықтыру сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру | Салауатты өмір салтын ұстану | Экскурция | 19 Сәуір | 5-9 сыныптар | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 9 | Спорт ардагерлерімен достық кездесулер (шығармашылық матчтар) өткізу | Салауатты өмір салтын ұстану | Спорттық шара | 23 Сәуір | 5-11 сыныптар | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер |
| 10 | «Жасыл ел» волонтерлық қозғалысы аясында жас көшеттер отырғызу | Жеке және командамен жұмыс істей білу | «Эко мектеп» ұйымының жұмысын жандандыру | 25 Сәуір | 10 сыныптар | Биология пәні мұғалімі, ДТЖО |

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Тәрбие құндылықтары | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мақсатты аудитория | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------|----------------|--------------------|---------------------------------|
| 1 | «Тағдырыңның кілті - өз қолыңда!» | Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | Сынып сағаттары | 3 Мамыр | 10-11 сыныптар | сынып жетекшілер |
| 2 | «Жігіт сұлтаны-2024» | Ұлттық мәдениетті дәріптеу | байқау | 6 Мамыр | 9-11 сыныптар | ДТЖО |
| 3 | «Ұстазға алғыс» | Адал еңбекті құрметтеу | Сынып сағаттары | 13 Мамыр | 10-11 сыныптар | сынып жетекшілер |
| 4 | «Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Отбасының,өз ортасының абыройын асыру | Бейнематериалдар дайындау | 15 Мамыр | 2-10 сыныптар | сынып жетекшілер |
| 5 | «Ұлттар достастығы» | Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу | Сынып сағаттар,фестиваль | 17 Мамыр | 1-11 сыныптар | |
| 6 | «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» | Адал еңбекті құрметтеу | Салтанатты жиын,сынып сағаттары | 20 Мамыр | 1-11 сыныптар | ДТЖО,сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|-------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|------------|----------|-------------------|-------------------------------------------------------------|
| 7 | Әскери-патриоттық оқу дала жиыны | Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | Дала жиыны | 21 Мамыр | 10-11 сыныптар | АӘД пәні мұғалімі |
| 8 | «Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Отбасының,өз ортасының абыройын асыру | Толағай | 22 Мамыр | 1-11 сыныптар | Дене шынықтыру пәні, сынып жетекшілер, тәлімгер |